

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сана
Миде
Санауын



№4 (52)

30 сәуір, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ



Қазақ жастарының 15 сәуір күні – Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу мерекесін, яғни ғашықтар күнін тойлап жүргеніне көп уақыт болмаса да, бозбала мен бойжеткендер арасында бұл атаулы күн едәуір орнығып алды. Бұл күні махаббат құдіреті шапағын шашып, ғашық жандарды сезім құшағына аялай түсетіндей. Ертөректе өткен Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың бір-біріне деген адал сезімін бүгінгі ұрпақ желеу қылып, дәл осы күні ғашық жандар жүрек түкпіріндегі сезімдерін бір-біріне ақтаратыны хақ.

2-бет

ҚАРА ОРМАНЫҢ
ШАЙҚАЛМАСЫН,
МӘУЕЛІ АҒАШЫҢ
ҚҰЛАМАСЫН ЖЕР
АНА!



3-бет

ҚР мәдениет
қайраткері,
Ж.Аймауытов
атындағы қазақ
музыкалы драма
театрының
директорының
орынбасары
Дінмұхамед Ұябай:
ТЕАТР – КИЕЛІ МЕКЕН

4-бет

ӨТКЕН КҮНДЕР
ЖАҢҒЫРЫҒЫ
НЕМЕСЕ ҚАРТҚОЖА
ТОҒАНБАЕВ ТУРАЛЫ
АҚИҚАТ

5-бет

ЖҰБЫ ЖАРАСҚАН
ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰПТАР



8-бет

ӨНЕРІМЕН ӨНЕГЕ БОЛҒАН ЖАНДАР

2014 жылдың 24 сәуірінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде театр және кино өнерінің майталмандары, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері Әлімғазы Райымбеков пен Меруерт Өтекешовамен студент қауымы арасында өнегелі де салиқалы кездесу өтті.

Айтулы кездесу дара да дарынды жерлесіміз, қазақ кино өнерінің атасы, белгілі режиссер, талантты актер Шәкен Аймановтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған шаралар шеңберінде өтті.

Кездесуге С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің даму стратегиясы, тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Ақышев Арман Айтмұхаметұлы, Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., профессор Зейнуллина Айман Файзоллақызы, Гуманитарлық педагогикалық факультеттің деканы Сарбалаев Жақсыбай Тұрсынұлы және жоғары оқу орнының студенттері белсені атсалысты.

Өнер майданында тынбай еңбек еткен, есімдері мәңгілік жұртшылық арасында жатталатын Әлімғазы ағамыз бен Меруерт апамыз студенттерге деген жүрекжарды лебіздерін білдіре келе, өздерінің шығармашылығымен ой бөлісті. Өнері ел алдында болғанымен, өмірі жайында көп ауыз аша бермейтін жұлдыздарымыз өмірлерінің сырлы қырларынан әңгіме өрбітіп, қазақ кино өнеріндегі өзекті мәселелерді қозғап та үлгерді.

Мұнымен қоса, қонақтар атақты жерлесіміз, қазақ киносының іргесін қалаушы, ұлттық киномызды биік белестерге көтеріп кеткен режиссер, бұл өнерде өз қолтаңбасы бар, дарынды кино,

театр актері, тұма талант иесі Шәкен Аймановтың өмірі мен өнері, туындылары мен ерен еңбегі хақында жастарға әсерлі әңгімелеп берді. Қазақ қашанда «Көненің көзін көрген» деп, сыйлап, құрметке бөлеп, ауызынан шыққан әр сөзін бойына сіңіруге жақын тұрады. Бүгін де осы игі дәстүрге сәйкес, қазақ киноөнерінің шоқ жұлдыздары Меруерт апайымыз бен Әлімғазы ағамыздың ауызынан түскен әр сөзді жастар санасына тоқып, жүрегіне қондырды. Салмақты да салиқалы сөздер айтылды, шынайы лебіздер, жүрекжарды тілектер, келелі кеңестер, көңілді де әсерлі әңгімелер тарқалды.

Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., профессор Зей-



нуллина Айман Файзоллақызы кештің барысымен студенттерді қанық етті. Сонымен қатар, Гуманитарлық педагогикалық факультеттің деканы Жақсыбай Тұрсынұлы қонақтарға зор ықыласын білдірді. Кездесудің студенттер санасына құйған өзектілігі қызықты сұрақтарға ұласты. Студенттер жастардың білімін, біліктілігін зерделейтін, киелі қара шаңырағына, үлгі тұтар университетіне арнайы келген аға-апаларына тағзым етіп,

қонақтарға алғысын білдіре отыра, қызығы мен қиындығы қатар жүретін өнер жолының құпияларын тек кино саласында емес, сонымен қатар, жеке өмірлері жайында сұрақтар қойды. Кездесудің соңы ізгі тілектерге ұласты. Өнер атты ұлы көште халқының ойынан шығып, өз қолтаңбасын қалдырған өнердің майталмандары Әлімғазы ағамыз бен Меруерт апамызға ұзақ ғұмыр тілейміз!

Мереке АМАНТАЙ

ҒАШЫҚТАР ЖЫРЫ

Заманмен үздескен ғашықтар үні

Қазақ жастарының 15 сәуір күні - Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу мерекесін, яғни ғашықтар күнін тойлап жүргеніне көп уақыт болмаса да, бозбала мен бойжеткендер арасында бұл атаулы күн едәуір орнығып алды. Бұл күні махаббат құдіреті шапағын шашып, ғашық жандарды сезім құшағына аялай түсетіндей. Ертеректе өткен Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың бір-біріне деген адал сезімін бүгінгі ұрпақ желеу қылып, дәл осы күні ғашық жандар жүрек түкпіріндегі сезімдерін бір-біріне ақтаратыны хақ.

Қабыры екеуінің қасында тұр.

Аяғез бойында тұрған бұл кешен мен оның ішіндегі мүсін тастар – ислам дінінен көп бұрын жасалған өте көне дәуірдің белгілері. Олар Түрік қағанаты кезінде (VI-VIII ғғ.) шыққан. Адамның суретін салған мүсін тасты халық сол кезден ерекше қадірлеген. Мұндағы төрт мүсін тас кешеннің күншығыс жақ бетінде тұрған. Олардың үшеуі – әйел, біреуі – жас жігіт, халық аңызы бойынша, бұлар Қозы Көрпеш – Баян сұлу, оның апалары Айтаңсық, Айғыздың суреттері деп айтылады. Және бір ғажабы, олардың аты тек қана мүсін таста сақталып қоймай, жер аттарына да қойылып отырған. Оның зор дәлелі Баянның атымен аталатын сол жердегі «Баян жүрек» тауы, Аяғезге құятын екі өзеннің бірінің аты – Айтаңсық, бірінің аты – Айғыз. Бұлардың барлығы бір кездегі тарихта болған оқиғаны еске түсіріп, солардың халық ортасына көп тараған терең сырларын сақтап келген, әсіресе «Баян жүрек» тауы. Бұл тау – қос ғашықтардың көзін көрген, мәңгілік ұмытылмас дастанға айналған асыл жандардың махаббатының куәсі болған тау.

КӨНЕДЕН ТАМЫРЫН АЛҒАН ЖАҢА МЕРЕКЕ

Бүгінде жастар арасында ерекше қолдауға ие болып, танымалдығы күн өткен сайын арта түскен Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мерекесі ел азаматы Дархан Мыңбайдың бастамасымен 1999 жылдан бері тойланып келеді. Уақыт өткен сайын мейрамның маңызы арта түсіп, жастар арасында айтулы қазақ фольклорына қызығушылық арта түсуде. Жылда осы күні еліміздің түкпір-түкпірінде ғашықтар күнін тойлау игі дәстүрге айналды. Игілік пен ізгілікті арқау етіп биылғы жылдың 15 сәуір күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің аллеясында «Ғашықтар күніне» арналған ағашқа бау байлау рәсімі өтті.

Ғашықтардың адалдығын паш ететін дәстүрдің басты мақсаты қазақ халқының махаббат символы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» құрметіне орай ұлттық махаббат күнін қайта жаңғырту, жастардың бойында шынайы да таза махаббаттың қалыптасуына ықпал етіп, студенттер арасында қазақтың ғашықтық эпостарын, салт-дәстүрін, саф алтындай сөз өнерін кеңінен насихаттау болып табылады.

Бұл шараның барысында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Жастар ісі жөніндегі комитетінің жетекшілігімен жастар университет алдында тұрған Ақ қайыңға пәк сезім иелері Қозы мен Баянның рухына тағзым етіп, өздерінің асыл армандары мен барша адамзатқа деген оң ниеттерін тілеу мақсатында түрлі түсті бау байлады.

Түйін. Сезім мен сенімін жоғалтып, жастар арасында желігу басым болып тұрған мына заманда, қазақтың кіршіксіз махаббат үлгілері Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың, Қыз Жібек пен Төлегеннің, Еңлік пен Кебектің арасындағы шынайы сезім мен адалдықты насихаттау баршамамызға ұлы іс іспетті.

Жанар ЕЛЕШОВА



Ғашық жүректерге шуақ сыйлайтын мерейлі мерекеге арқау болған Қозы Көрпеш – Баян Сұлудың тағдырының құпиясына үңілесек. Бұл екі ғашық шамамен XII-XIII ғасырларда ғұмыр кешкен. Сарыбай мен Қарабайдың төл перзенттері. Екеуі аң аулап жүріп бір-бірімен құдаласады. Ал, кейін олар махаббат жолында балаларының түрлі қиыншылықтарға ұрынатынына куә болады. Қос ғашықтың алдынан дүниеқоңыздық пен көре алмаушылық, көк пен өшпенділік кесе көлденең тұрса да, олар өле-өлгенше бір-біріне деген нәзік сезімдерін сақтай білген. Осы риясыз пәк сезім мен өзара берік адалдық оқиғасы ғасырлар сырғып жатса да кейінгі ұрпақ үшін мәңгі үлгі тұтар кіршіксіз махаббат символына айналғаны сөзсіз.

ҒАШЫҚТАР КҮМБЕЗІ

Жырды зерттеген ғалымдардың аса ден қойып, қызыға қарағаны, әсіресе, Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың тарихи заманнан келе жатқан ұлы мұнарасы, сәулетті етіп жасаған биік кешені. Қозы Көрпеш – Баян сұлу күмбезі Аяғездің оң жағасында, Таңсық деген ауылға қарсы салынған. Қозы Көрпеш – Баян сұлу аңызы бойынша, Сарыбайдың інісі Тайлақ би Тобыл өзені бойынан Аяғезге төрт сан қол (40 мың кісі) жіберіп, Қозы Көрпешке ас беріп, ат шаптырып, той жасайды, Қозы мен Баян сұлудың күмбезін берік етіп тұрғызып, олардың суретін тасқа түсіреді. Баян сұлудың өңін, келбетін әдемілеп келтіреді (Радловтың нұсқасы). Жанақ ақынның жырлауынша, елу мың кісіні бастап келген Айбас. Олар үш көш жерден (90 километр) тас тасып, Аяғездің биік белесінен күмбез жасайды. Ол күмбез әлі тозған жоқ, оларды ұмыттырмай, артында белгі болып келеді (Жанақ).

Халық аңызы бойынша, Қозы Көрпеш – Баян сұлу күмбезі қаланған тасты басқа бір таудан әкелген. Тау мен Аяғез өзенінің бойында көптеген тайпалардың мыңдаған кісілері атпен тізбектеле тұрып, бір қолдан бір қолға беріп жеткізіп тұрған.

ӨТКЕННІҢ

БЕЛЕСТЕРІНЕН ЖЕТКЕН...

Жырдағы ең жарқын түрде айтылатын әдемі сурет Қозы Көрпештің кешені мен оның ішінде тұрған төрт мүсін тас. Олар туралы жырда былай делінген:

Сізге керек дерек:

Қозы Көрпеш – Баян Сұлу – XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, XIX ғасырдың ортасында қағазға түскен қазақ халқының лиро-эпостық жыры. Поэма Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже ақындардың орындауында ауызша таралған. 20-ға жуық нұсқасының ішінен ең белгілісі – Жанақтың нұсқасы. Алғаш ел арасынан жинап, хатқа түсіргендер: Г.Саблуков (1830), Ғ.Дербісалин (1834), А.Фролов (1841), Шоқан Уәлиханов (1856). Жырдың мазмұнын М.Путинцев орыс тіліне аударып бастырды (1856), кейін В.Радлов «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» жинағының 3-томына енгізді (1870).

Жырдың кейіпкерлері:

Қозы – бас кейіпкер. Ол алдынан шыққан қиыншылықтарға қарамас-тан, өз сезіміне берік болып, шынайы махаббаттың бар екендігін дәлелдейді.

Баян – ақылына көркі сай Баян сүйгеніне ешкімді ауыстырмайтын, өзінің антына берік, өз сезімі үшін күресе білетін жағымды кейіпкердің бірі.

Қодар – Қозы мен Баянның арасына түскен жағымсыз бейненің бірі. Махаббат оқиғасында әрқашанда екі ғашықтың арасына түсетін жағымсыз кейіпкер.

Сарыбай – Қозының әкесі. Ол өте батыл, ақылды, қайсар адам.

Қарабай – бүкіл зұлымдықтың иесі, ол жырдың өн бойында қара ниетті, сараң, ойлайтыны тек бас пайдасы, есіл-дерті тоқсан мың жылқысы. «Қарабай» деген есімі оны толық мінездеп, әрі бағалап тұр: қарау, пасық, арам жан деген мағыналарды береді. Қарабайдың мінез-құлқы, пиғылы, іс-әрекеті мұны толық дәлелдейді.

Айбас – жырдағы өте ұнамды кейіпкердің бірі. Қозы Көрпеш ержеткенде Баян сұлудың бірінші рет барып көргені Қозының ағасы Айбас.

Айтаңсық пен Айғыз – Қарабайдың асыранды қыздары.



Адам мен табиғатты бірінен бірін бөліп қарау әсте мүмкін емес. Қазақ дүниетанымы бойынша Адам Жер Ананың перзенті деген ұғым бар. Ата бабамыз Жерге сыйынып, Жерді құрметтеп, Жерге барынша қамқорлық танытқан. Астындағы қара жерді өз Анасындай қастерлеу байырғы халықтарға тән құбылыс. Зама-науи адам Жер Ананың қадірін қаншалықты бағалайды? Бүгінгі кеттер жасауының зардабы өзіне тиетінін біле тұра залалды істерін тоқтата алмай келеді? Өткен адам мен бүгінгі адамның айырмашылығын олардың жерді қадірлеуінен білуге болса, онда кешегі Жер перзентінің дүние пайымымен, асыл құндылығымен, кемел даналығымен, табиғатқа деген жанашырлығымен әлде-қайда асқақ болғаны рас-ау сірә.



Өркениет дамыды...

Өндірістің өркендеу жағдайында жаһанның экономикасы мен әлеуметтік дамуы тікелей әлемдік мәселелердің шешіміне байланысты болады. Демек, технологиялар мен өндірістер дамыған сайын нарыққа қарай бой түзеген мемлекеттер көптеген салаларды дамыта бастады. Сондай-ақ адамның тұрмысы тікелей экономикаға, яғни, ақшаға тәуелді болған заман келді. Өркениеттің өркендеуіне адамзат өте қымбат құн төлеуі тиіс еді. Адам денсаулығымен, адамдық құндылықтарымен, сапалы да табиғи асы, ғұмыры, бәрінен маңыздысы қоршаған ортаның тазалығымен құрбан етуді дұрыс деп таныды. Нәтижесін бүгінде көрудеміз. Адам өміріне техника мен өндірістің қадам басқанына небәрі екі-үш ғасырдың жүзі болды. Ешбір ғалым мұндай жоғары жылдамдықпен Жер Ананың тозуын болжамаған болар. ХХІ ғасыр басында жаһандық мәселелер өркениеттің тағдыры үшін өмірлік мәнге ие болуда.

Жоғалтқанымыз ұшан-теңіз

Жаһандық мәселелер барша адамзатқа қатысы бар. Тіпті, бұл мәселелер әлемдегі барлық мемлекеттер, халықтар мен әлеуметтік топтардың өмір салты мен тағдырына, экономикалық әрі әлеуметтік жоғалтуларға әсер етпей қоймайды. Ал, экологиялық мәселелер ушыққан жағдайда адамзаттың бар өркениетіне қауіп төніп тұр. Сондықтан, бүгінде Жер Ананың экологиялық мәселелерін бүтіндей планеталық көлемде, барлық халықтар мен елдердің бірігіп шешуіне, ынтымақтаса қадамдар жасауға тура келіп тұр. Жаһандық мәселелер қатарында жиі насихатқа ілігетін мәселелер: экологиялық, демографиялық, энергетикалық, шикізаттық, өндірістік, әлемдік мұхиттың қорын пайдалану, ғарыш кеңістігін пайдалану және т.б. Өйткені, осылардың қай қайсысын алсаңыз да олар бір-бірімен тікелей байланысты әрі уақыт күттірмей шешілуге мұқтаж өзекті мәселелер.

ҚАРА ОРМАНЫҢ ШАЙҚАЛМАСЫН, мәңгі ағаштың құламасын Жер Ана!

Жерді тоздырдық...

Жер шарының бүгінгі экологиялық жағдайын ғалымдар өте қауіпті деп танып отыр. Мәселен, жер тұрғындарының жылдам өсуі тамақ өнімінің жетіспеушілігін тудырады. Соңғы 10 жылда «жасыл революция» бидай өндірісінің 2,5 есеге өскенін байқаймыз, ал 1984 жылдан бері бидай өсіру дамымай келе жатқандығы тағы бар. Бұл нені білдіреді? ТМД, Қытай, АҚШ сияқты бидай өндіретін елдерде дәнді дақылдардың өнімін жинап алу өсімі жыл өткен сайын азайып келеді. Бұл тек дәнді дақыл өндірісін өсіру үшін жаңа технологиялардың жоқтығынан ғана емес, жердің тозғанын білдіреді. Табиғаттың өзі 1 см. қара топырақты 300 жылда жасайды екен. Ал адамзат осы 1 см. жерді әртүрлі зиянды қабаттармен әрі химиялық тыңайтқыштармен 3 жылдық жылдамдықта құртып келеді. Соңғы 100 жылда жер бетінде өңделген жердің өте көп көлемде және 2/3 жуық ормандар жойылды. Әлемде әр он жылдықта құнарлы қара топырақтың 7 пайызы жоғалады. Бүгінде жыл сайын егін даласынан 26 млрд. құнарлы қабат алынып кетеді.

Жердің дәл осындай күйзелісі 1950 жылдардың соңы 1960 жылдардың басында басталды. Әр екі жыл сайын құнарсызданған 12 млн. га жерді есептей беріңіз. Экологиялық күйзеліс барлық елдерде, жер жүзінде өте жылдам қарқынмен орын алып келеді.

Суың да лайланды...

Дәл осындай сұмдық жағдай жер бетіндегі тұщы сумен де орын алуда. Жердегі барша су қорының 3 пайызы ғана тұщы суды құрайды. Сонымен қатар, судың төрттен үш бөлігі Арктика мен Антарктида мұздатылған. Судың бестен бір бөлігі жер асты сулары, 1 пайызы көлдер, өзендер, тоғандар мен бұлттарда жүреді. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде өзен бойларында суды ішуге жарамды ететін қымбат технологиялар орнатылған. Жер бетіндегі адамдардың ауруларының 80 пайызы осы сапасыз суды ішкеннен екенін ғалымдар жиі айтып жүр.

Ауаң да ластанды...

Ал, ауаға келер болсақ, бір кездері ауа шексіз есіл дүние есептелген. Алайда, бүгінде

ормандарды қарқынды түрде жоюы, жасыл желектің азаюы сынды мәселелер көңілді көншітер болжамдар жасауға кедергі болып тұр. Жерге қажетті ауаның көбісін тропикалық ормандар береді. Дегенмен, әрбір 1 секунд сайын жер бетіндегі бір футболды алаң көлеміндей орманды желек жойылады. Осындай жауыздық жалғаса берсе, 40-50 жылдан кейін Оңтүстік Америка мен Африкада тропика жойылады деп болжам жасауда ғалымдар. Ауаның жетіспеушілігінен қара топырақтың эрозиясы, көптеген тіршілік иелері мен өсімдіктер жойылып, жердің климаты өзгеруі мүмкін. Жалпы планетамыздың ластануына тікелей ықпал ететін адамның өндірістік жұмыстарының қалдықтары екені

Мәжіліс палатасының жалпы отырысында «Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына 1999 жылғы 3 желтоқсанда Бейжіңде қабылданған Түзетуді ратификациялау туралы» заң жобасы бірауыздан қабылданды. Бұл құжатта гидрохлор, фтор және көміртектер тұтынуды азайтудың мерзімдері қарастырылған. Негізінен бұл заттар суыту және тоңазыту жүйесінде немесе коммерциялық құрылымдар тарапынан жиі қолданылады. Елімізде қазіргі таңда озон қабатын бұзатын заттармен жұмыс істейтін 200-ге тарта кәсіпорын бар. Бейжің түзетуі еліміз тарапынан бекітілгеннен кейін Қазақстанға Жаһандық экологиялық қор тарапынан 2015-2017 жылдар аралығында тех-

тағы белгілі жайт. Қалдықтар – бұл құбырлардан шыққан түтін мен газ, көліктердің пайдаланған газы, химикаттар және т.б. Жер бетінде бір күнде көмір қышқыл газдың өзінің 5 млрд. тоннасы ауаға таратылады. Яғни, адам басына шаққанда бір адамға 1 тоннадан келеді. Нәтижесінде адамзат планетамыздың озондық қабатының тесілуіне әкеп соқтыратын мәселелерге де душар болды.

Озон қабаты шұрқ тесілді

1992 жылы ақпан айында АҚШ ғалымдары өздерінің зерттеу жұмыстарынан кейін, жердің Солтүстік бөлігінде озон қабатының 30-40 пайызға азайғанын жеткізді. Австралиялық ғалымдардың мәлімдеуінше озон қабатының әрбір жоғалған пайызы адамдар арасындағы ісік ауруларының 2 пайызға өсуін білдіреді екен. Егер де жер тұрғындары айналасын ластауын тоқтатпаса, жер беті тіршілігіне жаһандық экологиялық залал қауіпі төнуі мүмкін. Мысалы, планетамыздың жаһандық жылынуы сияқты адамзатқа қауіпті залалды жиі естіген шығарсыздар. Шындық міне, осындай. Осы жылдың 10 сәуірінде

никалық және қаржылық көмек көрсетіледі деп күтілуде. Бұл өз кезегінде гидрохлор, фтор мен көміртектерді тұтынуды кезеңімен кемітуді және озон қабатын бұзатын заттардың импортын азайтуды көздеп отыр. Бұл құжат 194 ел тарапынан бекітіліпті. Міне, әлем тұрғындары Жер Ананың бүгінгі мүшкіл халін осы сынды ортақ қадамдар арқылы шешпекші.

Үйлесімін тапқан дүние

Табиғат ресурстарына қысым көрсете отырып, біз қоршаған ортаны және адамдардың өмір сүру жүйесіне қауіп төндіретініміз рас. Бүкіл адамзаттың өмірі тікелей бір себепке қатысты екенін түсінуіміз керек. Ол – қоршаған орта мен экономикалық жұмыстардың бір-бірімен тікелей байланысы бар салдар. Осы екеуінің арасындағы шекара адамның өмірінің сақталып, гүлденуі қоршаған ортаның мүмкіндіктеріне шақталып жасалғанда ғана іске асады. Тек осы жағдайда қоршаған орта мен экономикалық даму бір-бірімен тым терең байланыста болады. Адамзаттың әрі жер бетіндегі тіршіліктің бола беруі тек осы екеуінің қарым-қатынасының үйлесімін адамдар ескергенде ғана жүзеге асатын дүние екенін ендігі әркім түсінгені құп болар еді. Жер бетіндегі экожүйені, био ортаны келешек ұрпаққа аман жеткізуді әрбір адам өзіне бәрінен маңызды парыз санауы тиіс.

Сөз түйін. Халықаралық Жер күні 2009 жылдың 22 сәуірі күні БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-ші сессиясында бекітіліп, 2010 жылдың 22 сәуірінен бастап жыл сайын аталып келеді. Қарарды мақұлдағандардың қатарында Қазақстан да бар. Яғни, Жер Ананы Жаһан болып аялап, барынша табиғат пен адамзат арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті орнату мақсатындағы ұлы істе қазақстандықтар да өз үлестерін қосады деген сөз.

Жанар ЕЛЕШОВА

Эко факт:

*1892 жылы Абай Құнанбаев «Дала уәлаяты» газетінде экологиялық мақала жариялаған. Онда Шыңғыстау өңіріндегі ормандардың қырқылып, құрылысқа пайдаланыла бастағанын, оның әсерінен сол жердің табиғаты тозып бара жатқаны айтылады. Бұл деректің өзі-ақ қазақ халқының бойында экологиялық сауаттылықтың ерте кезден-ақ болғанын айғақтаса керек.
*Арал теңізіне негізгі суды әкеліп жатқан Амудария, Сырдария өзендері 1960 жылдардың басында 60 текше шақырым су берсе, 1980 жылдан бастап жылына орта есеппен 4 текше шақырым су беріп келеді.
*Арал теңізі маңында бұрынғы 3000-дай көлден қазіргі таңда 85-і қалды.
*Аспаннан от жалынға оранып түскен зымыран қалдықтары 3-4 гектар аумақты улап, өртеп, тып-типті етіп кететіндіктен, ұзақ жылға дейін, қу тақырларға айналған бұл жерлерде ештеңе өспейді.
*Байқоңыр ғарыш аймағының аумағында зымыран бөлшектері құлайтын 39 аудан белгілі және ол 105 мың шаршы шақырымнан асады. Олар төмен құлдылап келе жатқанда, сұйық отын ретінде қолданылатын дептил төгіліп, шашылып ауаны, жер мен суды улайды. Одан тараған уландырғыш заттар, сол төңіректе 130 елді мекеннің үстің себелеп өтеді. Зерттеулер анықтағандай зымыран ұшырылған кезде ауаның ластануы 100 мың автомобильден будақтаған түтінге тең. Белгілі мәліметтер бойынша бір зымыран ұшқан кезде оның отынынан ауаға тасталатын зиянды зат мөлшері 300 тоннаға жетеді.

ТАНЫМАЙМЫН ДЕСЕН

Мойлардың «Сері кемпірі» туралы не білесіз?

Әрине сері мен кемпір сөздерінің бір-бірімен байланысы жоқ, бірақ үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сөздерді біріктіре білген жігітім білікті шығар-ау, шынымен!

Мамандығы журналист, бірақ бүгінгі кәсібі «Тоумен» деп аталатын тағы бір жігіт бар арамызда. Сері жігіт. Бірақ оны Павлодардың тойшыл қауымы «Сері кемпір» деп атайды. Ендеше кемпір образына еніп, тойдан енші тауып жүрген жігітпен жақын танысайықшы...

Серік Такой (қазақша Тоқай) 1987 жылы 16 тамызда Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Баласының торсықтай бетіне таңғалып отыра берген ата-анасы, оған туу туралы куәлікті 27 қазанда ғана алыпты. Сондықтан да біз туған күнімен оны жыл сайын ПМУ-дың асханасында 27 қазан күні құттықтайтын болдық. Денесі дәу болғанымен, жүрегі нәзік Секең болмашы назарымыздың өзіне баладай қуанып қалатын.

Біріншіден, Серік Такой қыздарға арнап жыр жазғанды ұнатады. Екіншіден ол Алтынбек сынды досына (сол баяғы Мұқышев с прической) керемет муза бола алады, мол денесі мұңға батқан досын көргенде Алтынбекстан оқыстан «рэп» жаза

жөнеледі. Үшінші жетістігі – курстас досы Серік Сұлтанбаевқа сыншы бола қалады. Келсін-келмесін, әйтеуір аттас серігі Серікке ақыл айтқанды жөн көреді. Онысын тыңдап жатқан Сұлтанбаев жоқ, өйткені оның жаратылысы бөлек. Төртінші – ол «Қазақстан-Павлодар» телеарнасының «Ертіс таңы» бағдарламасын жүргізеді. Ондағы образдары тіптен бөлек әңгіме. Бір күні тақия кесе, екінші күні шляпа киіп алады. Эфирдегі кемшілігі – арасында экранға сыймай қалатындығы. (Бірақ ол туралы сіз бен біз ғана білеміз) Бесіншіден – Секең өте қонақжай. Бір қызығы құты түскен меймандарының барлығын «Қазақстан-Павлодардың» студиясына шақырады. Алтыншыдан – Серік сері әр апта сайын кемпір болып, шау тартқан шалдарды «Қызыл өрік» пен «Ганнам стилға» билетеді. Сол бір биін бес мың долларға бағалайды-мыс.

Ақан Серіге «сері» атағын халық берсе, өзін Серік сері деп атаған бұл жігіттің болашағы бар шығар, сіре?! Балқадішаді жырдың авторы болмаса да, Алтынайдай қыздың аяулы жары болғаны да жетістік емес пе! Ендеше, сал-серілер отбасын арасында тойға шақырып тұрыңыздар, достар!

БІЗДЕР ДЕ БҰЗЫҚ БОЛҒАНБЫЗ

Алғашқы емтиханға көзім көгеріп келгенмін

Мен 2007 жылы С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың «Журналистика» бөліміне оқуға түстім. Ең алғашқы емтиханға көзім көгеріп келгені болмаса, студенттік кезімнің екі жылында айтарлықтай бұзықтық жасадым дей алмаймын. Студенттігімнің есте қалар сәті – курстас қызға ғашық болғаным. Сонау Шымкент қаласынан Павлодарға арман қуып келген Динагүлді бірден ұнаттым. Екі жыл бойы соңынан жүріп, үшінші жылы жанымызды жарастырайық деген ұсыныс жасадым. Бірақ ол туралы апама айтып едім, «Шымкенттің қызын алып, кризиске ұшыратайын деп пе едің деп үйлендірмей қойды. Сонымен күні бүгінге дейін Динагүлге үйлену үшін қалың малға қаржы жинап жүргем, сөйтсем ол сұлуым тұрмысқа шығып кетіпті. Десек те, кеудемді кернеген өкінішім жоқ. Бәрібір біздің студенттік шағымыз өте қызық өтті. Топта үш ұл оқыдық. Алтынбек Мұқышев, Серік Тоқай және мен. Алғашқы жылы қыздармен кітапхана барып, тәп-тәуір оқып жүретінбіз. Екінші курста КВН, той қуып кеттік. Біздің жоқтығымызды білдіртпей, біз үшін сөз естіп жүретін қос құрбымыз Майра Дөпелхан мен Эльмира Әбетжанова бар болатын. Тойдан түскен ақшамыздың тең жар-



тысы Майра мен Эльмираны асханаға апарумен кететін. Әбетжанованың үнемі қарны ашатын да, жүретін. Бесеумізге бәрібір болатын, сабақ бар ма, жоқ па, ойымызға не келсе, соны жасамай қоймайтынбыз. Сосын емтиханға «не-допуск» қойған мұғалімдердің соңынан жүгіреміз. Қыздардың үнемі бізбен бірге жүретініне таңғалатынымын сонда. Қазір ойлап отырсам, оның өзі бір тарих. Өйткені, өмір тез өтеді де, кетеді. Сондықтан жастығында ойнап-құлу керек екен. Студенттігіміз қосқан «бесеуміз» бүгінгі күнге дейін тығыз қарым-қатынастамыз. Сол үшін де студенттік тағдырыма ризамын.

Серік СҰЛТАНБАЕВ

ЕРКІН
СҰХБАТ

ТЕАТР - КИЕЛІ МЕКЕН



Театр – сахна мен көрерменнің дүниетанымындағы рухани сана-сезімнің бір-бірімен ұштасуын, сонымен қатар, сахна мінберіндегі өртіс пен сахна алдындағы көрерменнің арасындағы жалпы мақсаттың ортақ болуын, бір тақырыпта тоғысуын талап ететін үлкен бір орда. Театрдың қыры мен сырын танып, түбегейлі тарихымен танысып, тағылымын таныту мақсатында елімізде әуесқой жас театрлар саны да, олардың шығармашылықтарын шыңдау жолы да едәуір артып келе жатыр. Бұған біздің аймақ та өз үлесін қосуда. Жуырда елімізде алғаш рет жас әуесқой театрлар арасында республикалық фестиваль өтті. Осы фестивалде жеңіс тұғырынан көрінген «Шамшырақ» театрымен жақыннан танысу мақсатында осы театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР мәдениет қайраткері, Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалы драма театрының директорының орынбасары Дінмұхамед Ұябай ағамызбен сұхбаттасқан едік.

– Амансыз ба аға! Жас театрлар арасында өткен фестивалдегі жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

– Рахмет, айналайын!

– Аға, «Шамшырақ» театры қашан құрылған еді?

– Бұл театр, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының қабырғасында 2011 жылдары құрылған болатын.

– Құрамында қанша өнерпаз бар?

– Театрға келіп, сахнада өз өнерлерін көрсеткісі келетіндер саны артып келе жатыр. Ал, негізі театр студиясында он бес шақты өнерпаз бар.

– Сол жастардың театрге деген көзқарасы қандай?

– Білесіз бе, қазіргі күнде заманауи жасардың театрға деген қызығушылығын өте жоғары деп бағалаған болар едім. Себебі, қазіргі осы театр құрамындағы балалардың көбісі өнер үшін туғандай. Олар өте

қазақи балалар, жаны тәні қазақылықты аңсап тұратын балалар. Ал театр, өнер, әдебиет, мәдениет олардың туа біткен болмысына тән қасиеттердің бірі сияқты. Театр құрамындағы өнерпаздар үшін көріністерге қатысу оларды қатты қызықтырады. Ең алғаш 2011 жылы сахнаға Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Ақ маңдайлым» қойылымын алып шыққан болатынбыз. Одан кейін ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына «Есіңе мені алғайсың» қойылымын қойдық.

– Бұл қойылымдарды қояудағы мақсаттарыңыз не? Жалпы сонда ойнаған өнерпаздар жайлы айта кетсеңіз?

– Екі қойылымға да ПМПИ-дің музыка бөлімі мен филология факультетінің балалары қатысты. Ұстазы үшін ең бір кереметі ол шәкіртін қызықтырып, ынтасын арттыру. Жалпы дүйім жұрт әннің авторын білсе де оның жеке өмірбаянын, жазған әнінің тарихын, оған не себеп болғанын біле бермейді. Тек қана бұл жерде ән айтып қоймай, сөйлеу мәнеріне де үлкен мән беріледі. Студенттер кейіпкерінің бет бейнесін ұқсатып қана қоймай, қимылын, әдетін, қылығын салу қажет болады. Ол сол оқиғаны жанымен, бар жүрегімен сезініп, соған жан бітірсе, сол айтылатын сөздің дауыс ырғағымен бояуларын келтірсе, міне бұл оның жетістігі болар еді. «Ақ маңдайлым» қойылымымен 2011-2012 жылдары Лебяжі ауданына бардық. Халықтың қошеметі тым ерекше болды. Шәмшінің әндерін айтпайтын адам кемде-кем. Өскелең ұрпақ, орта жас, ата-әжелерімізге

дейін бәрі-бәрі шықайды ғой, шіркін! Иә, Шәмшінің әндері мәңгілік! Біз осы қойылымды әуезді әнімен бірге оның сырға толы, жырға толы өмірін де халыққа жеткізе білу мақсатында қойдық.

– «Шамшырақтың» жетістігі туралы айта отырсаңыз?

– Жетістік дейсіз бе? Кәсіби өртіс болмаса да, жоғары оқу орындарының жанынан құрылған студент жастар театрларының қатары жыл санап арта түсуде. Өткенде өздеріңізге белгілі біздің қаламызда ПМПИ-дің ұйымдастыруымен І-ші республикалық әуесқой студенттік театрлар арасында фестиваль өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген ұжымдармен бірге біздің Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының «Шамшырақ» театры да Шәмші Қалдаяқовтың өмірне арналған «Ақ маңдайлым» қойылымымен қатысқан болатын. Еліміздің 8 аймағынан келген өнер ұжымдары арасынан 1 – орынды алдық. «Шамшырақтың» театр әлеміндегі бірінші жетістігі осы.

– Бір белесті бағындырып, биік шыңға шығу көп құрбандықты талап етеді. Қаншама тер төгіледі, қаншама уақыт кетеді. Жалпы, дайындыққа қанша уақытты арнайсыздар?

– Уақытқа келер болсақ, бізде аптаның мына күнінде, мына уақытта деген бір тәртіп жоқ. Бұл студенттердің құлшынысына байланысты. Біз қолымыз бос кезде бір-бірімізге хабарласып жиналамыз. Ол мүмкін дүйсенбі, мүмкін жексенбі күндері болуы мүмкін.

Иә, үлкен бір жетістікке жету тыңғылықты дайындықты қажет етеді. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей мен олардың осы талантын ары қарай ашуына себепкер болғым келеді. Дегенмен, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты мен жастарға сенемін», – деп марқасқа ақынымыз Мағжан сенген жалынды, дарынды жастарға неге сенбеске?! Жастардың ниеті болса, қолынан бәрі келеді. Мен де жастарға сенемін.

– Жастарға айтар ақыл-кеңесіңіз, тілегіңіз?

– Талант әр адамның бойында бар, бірақ сонымен талмай, танбай еңбек етсе түбінде бір нәтиженің болары хақ. Сондықтан айналайын жастар, өзгеден ерек бойға біткен дарынды, талантты тұншықтырмай оны қадірлеп, қастерлеп дүйім көрерменнің ризалығы үшін ары қарай жетілдіргендеріңіз жөн болар! Театр – киелі мекен. Өз заманының озық идеяларын бойына сіңіре отырып, ізгілік мұраттарын паш етеді. Ең бастысы, адамның өмірлік және рухани ой-мақсаттары мен оның күрделі ішкі жан дүниесін терең де шынайы ашып бейнелегенде ғана ол өзінің жоғары көркемдік сатысына көтерілуімен қатар қоғамдық-әлеуметтік міндеттерін орындай алады. Осыны жастар ұғынса, түсінсе деймін. Болашаққа нық сеніммен қараймын! Жастар біздің болашағымыз, кешегі өткен дәуірдің жалғасы!

– Ал аға, толымды сұхбатыңызға рахмет! Сенімге ие, сезімге берік дарынды жастар көп болсын!

Сұхбаттасқан
Мереке АМАНТАЙ

Сауалнама

Жалпы, Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожа» атты дара туындысына арқау болған Қартқожа Тоғанбаев кім? Осы материалды дайындау барысында бұл сауал бізді мазалағаны рас. Алайда, ауқымды да терең социологиялық зерттеу жасауға уақыт тапшылығы, мүмкіндіктеріміздің шектеулі болғандығы кедергісін тигізбей қоймады. Өз ортамызда жасаған сауалнаманың өзі (сауалнамаға қатысушылар жасы мен мамандықтары әртүрлі) көпшіліктің ол жайында еш хабарсыз екеніне тағы көзіміз жетті. Жастардың барлығы дерлік «жоқ, оның кім екенін білмейміз» деген жауап

Журналист

Тоғанбаев қоғамдық жұмыстарға жеңін сыбана кірісіп кеткен-ді. Ол Баянауыл Кеңесінің қызметкері, ревкомның мүшесі болып қызмет етеді. Ұстаздық тәжірибесі бар Қартқожа Омск қаласына барып, 1927 жылы рабфакті бітіреді. Сол жылдардың біліктілік талабына сай ол абыройлы журналист мамандығының иесі атанды. Білімге деген құштарлығы оның ары қарай оқуды жалғастыруына сеп болады. Өз ойының жан-жақтылығының арқасында 1931 жылы Томск технологиялық институтын (бүгінгі Томск политехникалық университеті) тамамдайды.

нұсқаулық әдебиеттердің қазақ тілді оқырманға жол тартуына дәл Тоғанбаевтың өзі жол салады.

Бірақ, ол тек аудармашы десек қателесеміз. Ол техника қауіпсіздігі, орыс-қазақ терминологиялық сөздік курстары (1937 жылы жарық көреді), екіншке орай біз әлі білмейтін тағы бірқатар еңбектердің авторы екені даусыз.

Алаш орда қайраткері

1917-1920 жылдар аралығында Қартқожа Тоғанбаев елін сүйер тұлғалы азаматтар бас қосқан

саған» қазақ зиялысын көрсете білді. Өзін жасаған деуіміз кедей буынынан шыққан ол біртіндеп білім шұғыласына ұмытыла отырып, білімге деген құштарлығы арқасында жаңа ғасыр батырларының қатарынан көрінеді.

Қартқожаның сүрген ортасы қайғыға толы болғанын Аймауытұлы сақ дәлдікпен көрсете білді. Бұл дегеніңіз қазақ ауылдарындағы сіңірі шыққан кедейлік, ақ патшаның қазақ ер азаматтарын әскерге алу туралы қатаң бұйрығы сияқты оқиғалар романда анық сипатталды. Автор Қартқожаның

Жүсіпбек Аймауытұлы оның бейнесін өзінің өшпес шығармасында мәңгіге таңбалап кетті. «Қартқожа» романы тарихи деректер мен шынайы оқиғалар желісінен құралған. Алайда, бүгінге дейін бұл шығарманың бас кейіпкер бейнесі көп оқырман үшін көркем әдебиеттің қиыстырылған дүниесі іспеттес болып келді.

Бүгін біз қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, көптеген замандастары сынды сталиндик репрессия жылдарының құрбаны болған айбынды тұлғаның бізге беймәлім қыры мен сырын ашуға тырысып көрелік.

қатты. Ал, орта буын өкілдері арасындағы зиялылар оның Жүсіпбек Аймауытұлының әйгілі туындысы «Қартқожа» романының бас кейіпкері екенін естеріне салып жатқандары кездесті. Сауалнамаға қатысушылар арасынан бірнешеуі ғана, яғни, қазақ әдебиеті саласының мамандары «Қартқожа» болған оқиғалар желісімен жазылғанынан әрі Тоғанбаевтың өмір сүрген тарихи тұлға екенінен хабардар болып шықты.

Дегенмен, Қартқожа Тоғанбаев – Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сынды үзегілес жолдастарымен бір қатарда тұруға лайықты, өз халқы мен өз уақытының көрнекті қайраткері...

Беталысы

Қартқожа Жананұлы Тоғанбаев 1986 жылы Баянауыл округінде (бүгінгі Павлодар облысының, Баянауыл өлкесі) дүниеге келген. Баянауыл жері – Ұлы Дала аймағындағы «рухани мекен» десек өте, қателеспейміз. Қазақстанның өнері мен ғылымының белгілі қайраткерлерін жарық дүниеге сыйлап, киелі топырағына аунатып, өсіріп, жетілдірген өлке. Сондай ұлдарының бір Қартқожа. Қартқожаның адал да білімге құштар болуына ата-аналарының ықпалы зор болды. Олар округтің аға сұлтаны, данагөй Мұса Шормановпен, ағартушылық идеясын насихаттаушы Машһүр Жүсіп Көпейұлымен етене араласты.

Алғашқы сауатын Қартқожа ауыл молдасынан алады. Сол кездің өзінде ол құрдастары арасынан өткір ойлылығымен, зейінділігі мен тапқырлығымен көзге түседі.

Білімін жалғастыруына жоқшылық аяғына тұсау болады. Кенеттен 1916 жылы патшаның атақты жарлығы шығады. Сол жарлыққа сай 19-43 жас аралығындағы қазақтар сол уақыттағы әскер күштерінің қорғаныс құрылыстарын құру жұмыстарын жасауға тұлға жіберілуі тиіс болатын. Жиырма жасар Қартқожаның да жұмылдыру ісіне атсалысуы шарт еді.

Сол сапардан алдына заңғар мақсаттар қойып, білімді игеруге деген құлшынысы артып елге оралады...

Қартқожа – өз туған тілінен өзге орыс, татар, араб, латын тілдерінде еркін сөйлеген, көркем суретші, каллиграфия өнерін меңгерген жоғары білімді азамат.

Ол ендігі «Серке», «Қазақ елі», «Қазақ» газеттерінде белсенді қызмет атқарады. Оның әріптестері, пікірлес жолдастары Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы және тағы басқа қазақтың белгілі зиялылары еді. Қазақ ұлтының бірлігіне ықпал етуші басылымдардағы еңбек еткен кездерін оның шығармашылығының жемісті жылдары деп айтуға болады.

Педагог

Ол құр қиял жетегінде жүре бермей, өзінің теориялық концепцияларын өскелең ұрпақты оқыту барысында қолданады. Қартқожа өзінің ғұмырын педагогикалық еңбекке бағыштаған жан. 1926 жылы Қызылжардағы мұғалімдік курста оқытушы болып қызмет етеді. Содан кейін де ол журналист, аудармашы бола тұра бұл істен қолын үзбеді. Жаз маусымында Баянауыл округінің ауылдарында балаларға оқу оқытады. Ал, 1933 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Алматы қаласындағы Коммунистік ауылшаруашылық мектебінде ұстаздық етеді. Тоғанбаевтың шәкірттері арасында Отанымыздың гүлденуі мен көркеюіне сүбелі үлес қосқан жандар баршылық. Соның бірі, белгілі жазушы, драматург, дарынды аудармашы Зейтін Ақышев.

Аудармашы

Қартқожа Тоғанбаев тарихта өте қабылетті аудармашы ретінде де таныс. Қазақ мемлекеттік баспасының құжаттық материалдарында Тоғанбаевтың оқулық және басқа да әдебиеттерді орыс тілінен қазақ тіліне тәржіма жұмыстары туралы мәліметтер бар. «Физика бойынша есептер жинағы», «Қызыл әскердің даладағы санитарлық дайындығы», «Қоғамтану», «Геометрияның жүйелі курсы», «Ауылшаруашылығының механизациясы», «Электр қуаты мен физика бойынша ғылыми-техникалық әдебиет», «Бастауыш мектептерге арналған денешынықтыру бойынша бағдарлама», «Комбайндар», «Слесарлық кәсіп», тіпті «Паровоз» атты

ӨТКЕН КҮНДЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ немесе Қартқожа Тоғанбаев туралы ақиқат

«Алаш» партиясы қайраткерлері қатарында. Ол Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллиндермен араласып, бірге қызмет етеді. Қазақ халқының бір ту астына бірігуі алашордашылардың аңсаулы арманы болды. Тоғанбаевтың да асыл арманын осы еді. Отызшы жылдары Қартқожа қазақ әдебиетінің майталманы Мұхтар Әуезовпен бірге жазушының жаңа шығармашылығына керек материалдар жинау мақсатында тізе қосып қызмет еткен. Оның жұбайы Тоғанбаева Шейла мұқият сақтаған күнделігінің бір жерінде былай делінген: Әуезов берілген деректерге: «бұл менің көркем шығармаларым үшін таптырмас ақпарат болатын болды», – деп бір маркайып қалған екен. Бұл дерек көзі Алашорда қозғалысы туралы болуы бек мүмкін. Себебі Тоғанбаевтың өзі Алашордашылардың белді мүшесі екені рас. Ол 1938 жылы нағыз қайраты тасыған шағында атылып өлтірілді. Әрине, себеп Алашорда партия мүшесі болғандығында екені хақ. Оған тағылған айыптың өзі ақылға сыймас негізсіз еді: Жапон мемлекетінің тыңшысы әрі Күншығыс елімен бірлесіп түркі мемлекетін қайта жандандыруға тырысуда деген ауыр айып тағылды. Ол өмірінің соңына дейін өзінің ұстаздық шақырылуына әрі қоғамдық жұмыстарға адал болды. Мирзоян қатысады деп жоспарланған ірі педагогикалық форумға бара жатқан сапарында ол тұтқындалады...

Бүгінде Қартқожа Тоғанбаевтың зиратының орыны қайда екені беймәлім. Әзірге ғана беймәлім деп сенейік.

Прототип

Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожасы» шығармалық жанрлардың еуропалық талабына сәйкес келген қазақ әдебиетіндегі алғашқы туынды. Ол 1926 жылы Қызылорда қаласында жарыққа шығады. Қартқожа Тоғанбаев Аймауытұлының жолдасы, әріптесі әрі оның романының басты кейіпкеріне лайықты болған жан. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін Тоғанбаев (романда кейіпкердің фамилиясы көрсетілмейді) бейнесі көркем шығармадағы ойдан шығарылған кейіпкер ретінде бейнеленеді. Аймауытұлы Қартқожа бейнесі арқылы қазақтың сол кездегі ұлт білімгерлерінен жинақталған «өзін өзі жа-

басынан өткерген ауыр сынақтар оның білімге деген қызығушылығын одан әрмен жалындата түскенін дәлелдеді.

Ұрпағы

Қартқожадан үш бала қалды, екі ұл және бір қыз. Жұбайы Шейла Тоғанбаева мен балалары халық жауының отбасы бола тұра ғажап жолдармен аман қала алды.

Үлкен ұлы өкінішке орай бақилық болды. Майқы Тоғанбаев Жамбыл облысында тұрып, телекоммуникация саласында қызмет етті. Қартқожаның жалғыз қызы Шолпан Тоғанбаева кезінде Қарағандыдағы балалар үйінің директоры қызметін атқарған, қазір сол қалада өмір сүріп жатыр. Кіші ұлы Төлештің бір жасында әкесі атылып кеткен еді. Төлеш Қартқожаұлы техника ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтының доценті. Асылында, Қартқожа Тоғанбаевтың балалары әкесінің сегіз қырлы тұлғалығының жалғасы деуге болады. Тұңғыш ұлы техникалық салада қызмет еткен, қызы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, яғни, педагогикаға өмірін арнаған, кенжесі өмірінде осы екі саланы да тоғыстыра білген жан. Қартқожаның немерелері мен шөберелері де оның білімге деген ұмтылысын мұра етіп, өмірлік ісінің жалғасы болары сөзсіз. Оның ұрпағы білім шыңын бағындыруда, оны жүзеге асыруға қазіргі уақытта барлық жағдай жасалынған. Бұл дегеніміз Қартқожа мен оның пікірлестерінің ойлары текке кетпегенін көрсетсе керек.

Айтар ой. Қартқожа Тоғанбаевтың өмірі, шығармашылығы мен құнды мұрасын зерттеу енді ғана басталып келеді. Сталиндік зұлмат заман Қартқожа Тоғанбаевты да аяған жоқ. Сол бір ұмыт қалған жылдардың жаңғырық үні әлі де құлақтан кетпек емес. Бүгінде алаштың арысты ұлы Қартқожаның еңбектері арқылы Қазақстанның ұлы мәдениетін қазыналы ету бәрімізге ортақ міндет, халық алдындағы парыз.

Біз осы материал арқылы ұлы тұлғаның ел мәдениетіне еңбегін сіңірген алдыңғы қатарлы қайраткерлердің қатарынан көрінуге деген алғашқы іргетасты қаладық деген үмітіміз бар.

**Дмитрий ЛАРИОНОВ,
Жанар ЕЛЕШОВА.**

КІТАП ӘЛЕМІНІҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ

* Әлемде шығарылған ең кішкентай 12 кітаптың басын қосқанда, барлығы бір ас қасыққа сыйып кетеді екен. Олардың ішінде «Құранның» кішкентай басылымы, ағылшын тілінің сөздігі, Францияның Ата заңы бар...

* Тағы бір қызық кітап – «Медицина өнерінің жалғыз және өте терең құпиялары» деп аталады. Ол голландиялық атақты дәрігер Герман Бурхавеннің заттарының ішінен, ол өмірден өткеннен кейін табылған. Бұл 100 беттік кітап аукционда 10 мың долларға сатылған. Кітапты ашып қараса, бүкіл беттері тап-таза, тек титулдық бетінде «Басыңды суықта, аяғыңды жылыда ұста, сонда ең жақсы дәрігерді кедейге айналдырасың» деген жазу болған.

* Кітап ұрлайтын ең белгілі библиоклептоман Стивен Булмберг болған көрінеді. Ол өз өмірінде 268 кітапханаға ұрлыққа түсіп, 23 мыңнан аса сирек кездесетін кітап ұрлаған. Құны 20 миллион доллардан асатын кітапханасын толықтыру үшін Блумберг кітап ұрлауда түрлі қитұрқы әдістерді қолданған.

* Егер бүгінгі күнге толық жететін болса, ең үлкен энциклопедия – Үлкен Қытай энциклопедиясы болар еді. Жалпы көлемі 11095 томды құраған бұл кітаптың тек 400 томы сақталыпты.

* Кітап оқыған кезде адамның екі көзі әртүрлі әріптерге қарап тұрады.

* Ал Рио-де Жанейро қаласының 400 жылдық мерейтойына орай кітапты тат баспайтын болаттан басып шығарған. Оның салмағы 3 тоннаға жетеді.

РЕКОРД ЖАСАҒАН КІТАПТАР

* Әлемде өзінің ең үлкен көлемімен таңғалдырып, рекордтар тізіміне енген кітаптар бар. 1976 жылы АҚШ-тың Денвер қаласында шығарылған 300 беттік «Суперкітап» Гиннеске «ең үлкен кітап» ретінде енген болатын. Биіктігі 3 метрге жуықтайтын бұл алыптың салмағы 252,6 келіге тең.

* Сондай-ақ рекордтар кітабына енген тағы бір кітап – биіктігі 180 сантиметрлік «Magnificent Maps: Power, Propaganda and Art» кітап-картасы. 37 карта жинақталған бұл атласты 1660 жылдары сол кездегі ағылшын королі Карл II-ге арнап шығарған екен.

* Ал ең кішкентай кітап ретінде рекордтар кітабына енген – Массачусетс технологиялық институты шығарған «Новый Завет» пен Антон Чеховтың «Хамелоны». Алғашқысының көлемі 5x5 мм құраса, «Хамелеонның» биіктігі мен ені – 0,9x0,9 мм. 2001-2002 жылы жарық көрген бұл кітапты оқу оңайға соқпасы анық.

* Симон Фразер университетінің нанотехнологтары «Teeny Ted from Turnip Town» атты басылым шығарған. Көлемі 0,07x0,1 мм құратын кітапшаны тек қана электронды микроскоп арқылы оқуға болады.

КІТАП – ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМНЫҢ АЛТЫН САНДЫҒЫ

«Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол», – деп ата-бабамыз айтқандай, кітап – білімнің қайнар көзі. Онсыз, яғни кітапсыз өмір сүру ХХІ ғасырда мүмкін емес екендігі баршамызға мәлім. Тек кітап қана адамға мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетелейді. Әр адам кітаптың бетін ашқан сайын әлемінің тылсым табиғатын түйсініп, жаңа құндылықтарға қаныға түседі. Кітап оқыған адамның шетте қалмасы анық.

23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні екені баршамызға аян. Әрине, бұл үлкен мерекелік күн саналмайды. Дегенмен, адамзат ақыл-ойының көркем жемісі болып саналатын кітап ешқашан өз құндылығын жоғалтқан емес. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген екен Ғабит Мүсірепов.

Өкінішке орай, бүгінгінің баласына қарап кітап оқитын жастың заманы өтті ме деп қаласың. Кітап оқуды қойған көбі, аңдығаны теледидар мен компьютер, таңның атысы мен кештің батысы ғаламторға арбалып отырғаны, одан қалса көретіні құбыжыққа толы мультфильм мен атыс-шабыс ойын деген пікірлерді жиі естіп жүрміз. Осыдан-ақ рухани азық алмаған баланың өмірінен не күтеміз. Қазіргінің баласы кітапханада отырмайды, бірен-сараны болмаса. Есесіне компьютерлік клубтардан шықпайды. Жалпы, бүгінгі ұрпақ әдебиеттерді оқуға неге қызықпайды?

Балалар әдебиетіне түрен салып жүргендердің бірі ҚР мәдениет қайраткері, ақын Бақытжан Тобаяқов «Кітап оқымаған бала нәр алмаған шыбықпен тең». Қаламгердің айтуынша: «Қара домалақтарды компьютерден қақпайлап, кітапқа



баулуға болады. Бұған ата-анамен мұғалімдер күш жұмылдыруы тиіс», – дейді. Ақын-жазушылардың көкейінде жүрген мәселелердің бірі балаларға арналған кітаптардың таралымы көбейтілсе, тегін жарнамаланушысы мен насихаттаушысы күшейсе, шетелдік кітаптарға шектеу қойылса, ақын-жазушылардың шығармалары мектеп оқушыларының оқу бағдарламасына енгізілсе, бар кітаптан қосымша құн салығы алынып тасталса көптеген мәселенің шешімі табылар еді.

Қазіргі таңда кітап оқимын деген ешкім тосқауыл да бола алмайды. Оған дәлел Елбасымыз күніне үш жүз беттен кітап оқығанды әдетке айналдырған екен. Оқу-білім қашанда адамды жетілдіріп отырады. Әсіресе, ХХІ ғасырдың азаматына білімін жетілдіріп отыруы әбден қажет. Бүгінде тіпті өзің қалаған әдебиеттің электронды түрі бар. Электронды оқулық болашақта еліміздің мектеп бағдарламасына да енгізілу жоспарлануда. Соңғы уақыттары мектеп оқушылары арасында ауыр оқулықтарды ары-бері көтеру зиян деген деректерді медицина мамандары жиі айтып жүр. Жас балалардың шамадан тыс артық зат көтеруінің соңы балада астихондроз, сколиоз деген сияқты аурулардың пайда болуына алып келеді дейді денсаулық сақшылары. Дегенмен, бұл мәселенің шешімі бар екені белгілі. Олай дейтініміз 2020 жылға

дейін еліміздің білім беру мекемелерінің 90 пайызға жуығы электронды оқыту жүйесіне көшпек. Осының негізінде көптеген мектептер электронды оқулықтармен қамтылуда. Атап айтатын болсақ, елімізде алғаш рет тәжірибелі түрде Алматы қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы №159 гимназияның оқушылары электронды оқулықты қазірден-ақ пайдаланып жүр. «Тиімділігі өте зор», – дейді осы гимназияның директоры Аягүл Миразова.

Қазір елімізде электронды оқулықтар шығаратын 25-ке жуық кәсіпорындар бар. Бірақ, бұл оқулық қағаз кітапты түгелдей алмастыра алмайды дейді мамандар. Тек заман көшінен қалыспай жаһандық игіліктерді тиімді қолдануға тиіспіз. Ұлттық құндылықтардан ада болып өтпесін десеңіз, кітап оқуды күнделікті әдетке мықтап салғаныңыз дұрыс болар.

Түйін. Қазір әркімнің көкейінде жүрген сауалдардың бірі – электронды кітаптар баспа оқулықтарын алмастыра ала ма? Осы сауалға өзіңіз жауап іздеп көріңіз. Ешбір электронды ақпараттар көзі қолдағы кітаптың маңызын толық алмастыра алмайды, тек оны басқа жоғарғы деңгейде пайдалануға көмегін тигізеді. Кітаптың өзін тікелей оқу, ондағы кейіпкердің ойлары мен ішкі толғаныстарын басынан кешіру арқылы адамның өзін тәрбиелеуі бір басқа, ал электронды кітапты тікелей оқу бір басқа дүние. Тіпті кітаптардың барлығын электронды оқулыққа көшірсек те, қарапайым қара сиямен жазылған «қара» кітаптың құндылығы өзгеше бір керемет әсер. Ал оның электронды нұсқасы кітап тапшылығын азайтуға, оны әрбір оқырманға жеткізуге зор көмегін тигізеді. Сіздер қалай ойлайсыздар құрметті оқырман қауым?

Амангүл ТИЛЕЙ


Жат елге жібермеу үшін...

Мейрамханаға сүйкімді қазақ қызы кіріп келді. Қасында сұңғақ бойлы өзге ұлт өкілінің жігіті бар. Бірден «мына қазақ қызына жар болар өзіміздің қазақ жігіті табылмады ма?» деген ой келді. Сырт көзге екеуінің бір-біріне сүйіспеншілігі, сыйластығы айқын аңғарылды. Екі күн өткен соң бұл жұпты тағы да сол мейрамханада кездестірдім. Сол кезде даяшының менің көкейімдегі сауалды бойжеткенге қойғанын естіп қалдым. «Неліктен өзге ұлттың жігітін таңдадыңыз?» деген сауалға қандасымыз: «Мен өз бақытымды осы азаматтан таптым. Ол мені шынайы бақытқа бөледі» деп байсалдықпен тіл қатты. Сөз соңында неміс жігітіне тұрмысқа шыққанын, екі жылдан бері Германияда тұратынын айтты. Соңғы кезде түрлі ұлт өкілдерінің бірге отау құрып, шаңырақ көтеруі жайлы жиі естіп, көп көретін болдық. Әсіресе, қазақ қыздарының жыл сайын шетелге ұзатылуы арта түскендей.

Бүгінде көпшілік басқа ұлттың жігітіне тұрмысқа шыққан қыздар мансап қуғыш, көздегені ақша деп ойлайтыны – шындық. Бірақ, жаңағы бойжеткеннің жауабы мені өзге ойдың жетегіне жетеледі.

Ер азаматтар «еліміз де бір жігітке жеті қыз келеді» деген статистикалық мәліметті желеу етеді. Ал шетелдіктер қандастарымызға көз салып, елдеріне әкетіп, өз салт-дәстүрлері мен мәдениетіне бағындырып, өмір сүруде. Меніңше, бұл – қазақ жігіттеріне сын. Басты себебі – қара көздердің көңілінен шығып, жүрек түкпірінен орын ала алмауында. Сонда өзге ұлт өкілдерінің қандай артықшылығы бар ау, – деген ой маза бермейді.

Шетелдікке тұрмысқа шыққан қызды жазғыруға дайын тұрамыз. «Өзгенің қаңсығын таңсық көргені ме?», – деп ашуға булығын жандарды жиі кездестіреміз. «Жат жұрттың демографиясын арттырып, басқа мемлекеттің азаматшасы атанды. Туған жерінен безгені қалай?» дейтін кездер де кездеседі. Бірақ, барлығына бойжеткендерді кінәлауға болмайды ғой. Қазақ жігітінің тарапынан махаббат пен мейірім, құр-



мет пен сыйластық көрмесе, қайтпек керек? Қара көздерімізді жат жерге жібермейік деп ер азаматтардың өзіне сын айтқым келеді. Өзге жұрттың азаматына біздің жігіттеріміздің өздері мүмкіндік бермеуі керек. Бойжеткендерге топырақ шашпас бұрын «қолда бар алтынды бағалай алдыңдар ма?» деген сауал төңірегінде ойланып көріңіздерші, жігіттер!

Назгүл РАБИЛОВА



ЯЗҒОП

Аты-жөні: Эльмира Ермекқызы Абетжанова
Мамандығы: журналист
Сүйікті ісі: көркем әдебиет оқу
Сүйікті ақыны: Мұқағали Мақатаев
Сүйікті жазушысы: Мұхтар Әуезов
Өмірлік ұраны: «Не ексең – соны орасың»

*Жүрек мұңы жан жарасын жырласын
 Бірақ оны кім түсініп тыңдасын?
 Тағдыр тарғыл қанша ұрып жықса да
 Сағымызды сындырмайық, сырласым!*

Сыңсу

Қиналып қалды ағайын-туыс туғаным,
 Ілеспей қалды «еркелік» атты думаным,
 Қиын ғой көру бауырымның елжіреп,
 Өпкелердің жаспен көзін жуғанын

Қос қанатым – ағалардың мұң-зарын,
 Шырқап берген әндерінен тыңдадым
 Нағашылар бағымды ойлап егілді
 Ағытып сап жүрегімнің сымдарын

Сіңлілерім сай-сүйекті сындырып,
 Қимастықтың береніне тұндырып,
 Жиендерім жылап-сықтап болмады,
 Балалықтың бал бақытын жыр қылып

Әкем жағы әкемді айтып жырлады,
 Шешем жағы шешем әнін жалғады
 Мен едім ғой сыңсу салып қоштасар,
 Ата-анамның ең ақырғы арманы.

Тағдырлық таңдадың...

Бар сырынды жанарыңнан ұғармын,
 Мәңгі сенің биігің боп тұрармын,
 Өлі күнге сенен өзге ешкімді
 Сүйе алмадым, сүймейтін де шығармын

Сүйе алмадым өзгелерді шынымен,
 Қазір анық түсінемін мұны мен,
 Сөзбен сезім білдірмей-ақ қояйын,
 Айтайыншы махаббаттың жырымен

Ақындарды «жеңілтек» деп айтады,
 Күдік көңлің мүмкін содан қайтады?
 Ақ парақта жатады ғой жазылып,
 Ақын жанның жүрегінің айтары

«Сенші маған» демейін кеп өтініп,
 Таңдауыңды өзің алдың бекініп,
 Сене алмасаң көздеріме қарашы,
 Мына жанар айта алмас өтірік

Менің жаным шерге толы жаралы,
 Бірақ мені жан-жүрегің қалады,
 Енді сенің тағдырың да менімен
 Шытырманды әрі қызық болады.

Өлеңім, сөйле...

Өлеңім бөлшегім де
 Сыңарым
 Көремін өлшемін де
 Тұрағын
 Еремін, еңсерім де
 Шырағым

Сыңарым!!!
 Саған міне сұрағым
 Құмарым
 Қайда кетті шыдамым?
 Сыңарым
 Қайда менің тұрағым?
 Сыңарым
 Қайда екен жыр-өнім?
 Бұлағым
 Қайда шықты шынарым?
 Сыңарым
 Қайда қашты
 Өмірдегі, көңілдегі
 Қыраным?
 Сезімдегі, сенімдегі
 Қырағым?
 Сезілмеді...
 Қайдан жанды шырағым?
 Айтшы, сыңарым...

Жүрек жазы

Жарым-жаным, жақыныма айналдың
 Сен – шыңымсың, сен – биігім айбарым
 Сен – күнімсің, шапақ шашып жылытар
 Сен – жазымсың, мәңгі мезгіл жайнарым

Сен – бұлақсың, тазалыққа бастайтын
 Сен – жырақсың, қиындықтан қашпайтын
 Сен – мұнарсың, мені мәңгі көктетер
 Сен – шынарың, қорқыныштан сақтайтын

Сен – тұмарсың, төс белгі қып тағатын
 Сен – жүрексің, дамылсыз көп қағатын
 Сен – жанарсың, көз шырымын алмастан
 Тірлігімнің тыныштығын бағатын.

СТУДЕНТ ҚЫЗДЫҢ КҮНДЕЛІГІНЕН

ҮНСІЗ КЕТПЕҢДЕР АДАМДАР

Адам баласы әр түрлі. Біреулер өз пікірін ашық жеткізе алса, енді біреулер үнсіздікті өмірлік серік еткен. Осы үнсіздік менің ойыма сан ойларды туғызады. Осы үнсіз тұрған адамның көңілінде қандай ой, қандай жұмбақ жасырулы деп ойлаймын. Үнсіздік кейде пайда, кейде қасірет. Тілі болып тұрып, жұртқа ашы шындықты айта алмау нағыз сор. Мен пенделердің үнсіз өмір кешкенін қаламаймын. Жанымыздағы жұмбақ жанның сырын ұғына білуіміз керек. Мен үнсіз көңілдің әуезді әнге салғанын қалаймын. Адамдар үнсіз кетпелдер. Адамдар тілді өлтірмендер. Адамдар өмірге ғашық болыңдар.

ОТ ҚҮДІРЕТІ

Оттың құдіреті күшті. Адамдар оттай жанған, жақындарына жылу сыйласа өмір басқаша болар ма еді? От жылу, от – қуат, от – шынайылық. Алайда, адамдар оттай жанып тұрса да, сағы сынбай, адамдықтың оты сөнбесе игі.

АРМАНДАР АДАМДЫ АЛЫСКА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Балалық арманның орындалғанына не жетсін. Балалық арман өмірдегі ең адал, ең шынайы және құдіретті болып келеді. Осы бала қиялдың орындалуына барынша күш жігерінді аямай жұмыс жасасаң, еңбегіңнің жемісін көресің. Сол себепті арман адамға қанат. Армандау өмірдегі ең тәтті шәк болса, сол арманның орындалғаны одан да тәттірек және бағалы.

САҒЫНЫШ

Туған жерімнің, жақындарымның қадір қасиетін алыс болған сәтте ғана ұғындым. Асығып, сағынышым басым болған туған өлкеме табан тіреген сәтімде, жанарымнан мөлтек-мөлтек жастар тама берді. Мұның барлығы туған жеріме деген үлкен махаббаттан туған қуаныш жасы болса әрі менімен қоштаса алмай кеткен, тым болмаса алақанын ұстап «әжетай мен келдім» – деп енді ешкімге айта алмағаннан да туған жасым шығар. Әжемнің бейнесі енді тек жүрек жадымда екенін үйіме келгенде ғана ұғындым. Осылайша менің студенттік өмірімнің алғашқы жылында әкеміз бізден жырақтады. Бірінші курсты бітірген сәтімде ең алдымен әжеме көп сыйлықтар әкелемін деген бала көңіл сол сәтте әжесінің одан ұзарын кім білген. Мен жаныма дауа тұппай бақытты балалығым өткен жұмбақ мекен Кіндіқарағай ауылына аттандым. Көзіме орнаған ең бірінші көрініс үй алды еді, ол жер босап тұрғандай болды, себебі әжем жоқ. Қатты жылап алдым. «Қайран әже мен келгенде жаныңды аямай, тіпті сырқатыңды ұмытып кетуші едің ғой. Сары қызым келеді деп мез-мейрам болатынсың».

Елге сыйлы адам бола алдың ғой ақ әже. Жасынан қиындыққа шыдай білген әже мені де өмірде мықты болуға үйретті. Мейірім-шапағатыңды айналандағы адамдарға шаша білдің ғой. Маған үнемі «Аллаға сен, ешкімді ренжітпе, көшірімді бол, жақсылық жаса, адамнан сұрама Алладан сұра, әр істе тиянақты бол, істегенің маған жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы», – деп үнемі айтып отырған сөздердің бұл күнде ешқандай энциклопедия бермейтінін ұқтым. Әжем өмірінің

соңына дейін тек ізгі амалдар жасап кетті. Өмірде ең қорқатыным әжемнің бақилық болып кетуі еді. Жаратқанымыз осының барлығын сезіп, мен алыста оқуда жүргенімде әжемді алып кетті-ау деп ойлаймын.

Осылайша мен әжемнің ақырғы бейнесін көре алмадым. Алайда, мәңгілік күлімдеп отырған әжемнің бейнесін ұмытпаймын. Мен үшін қазақ әйелінің ең көркем бейнесі – менің әжем. Мені көрген жанның көбісі «Нағашы әжең Сұлушаштан аумай қалғаның», – дегенде, көңілімде ерекше қуаныш өрбейтін. Болашақта өзіндей сұлу да ақылды, аяулы ана, адал жар, ибалы келін, мейірімді әже болғым келеді. Бет бейнесі сондай нәзік, ақ құба әжемнің рухани жігерлігіне таң қаламын. Өзі кішкентай болса да жүрегі үлкен бола білген жан едің, адалдықты көксеген асыл әжемнің жаны жұмақта болғай.

МЕЙІРІМ

Адам баласының ең асыл қасиеті – мейірімді жүрек. Күрбелең тіршілік көзі қайнап тұрған мына дәуренде «мейірімділік» деген баға жетпес қасиетті ұмытып, рақымсыз қоғамға айналып бара жатқан жоқпыз ба? Кейде айналадағы адамдарға қарап, «жақсылық жасағанның өзі тегін емес», – деп қаласын. Себебі, саған жасаған жақсылыққа құнды зат сыйламаса, адамдар қаһарлы мінездерін көрсетеді. Осындай жайттарды көріп, қоғам қайырымсыз қоғамға айналып бара ма деген ой түйдім.

Қаукөрік пенделердің кең етек жайюы ең алдымен – имандылық отының өшуіне байланысты. Жүйке жүйесін құртатын сан түрлі фильмдердің көбейіп, әсіресе

қоғамды аулайтын адамның жанын қиятын көркем фильмдер мейірімділік деген асыл қасиетті адам бойынан әлсін-әлсін алыстатады. Сол себепті жарыққа шығып жатқан көркем фильмнің мазмұны мен идеясына аса бас аударуымыз да абзал.

Бір рет көңілі қалып қойып, болашаққа деген сенімнен айырылған жандардың жүректері рақымсызданады. Алайда, «Сабыр – түбі сары алтын» Керісінше әр қиындық сайын ұшталып, жақсылық жасаудан тайынбаған нағыз игі іс. Себебі мейірімді жүрек ұлы істерге апарып, биік шыңдарға көтереді. Мәселен, бір күнәһар әйел шөлден қаталалап, жанындағы итке мейірімі түсіп, құдықтан су алып бергені үшін жаннатқа кіреді, ал енді бірі қарауындағы мысықты аштан өлтіргені үшін тозаққа түседі.

Адамның қатігездіктерінен қаншама қиындықтар көбеюде. Мысалы, емделмейтін сырқаттардың пайда болуы, кек, ыза адам бойына тек жаман әсерлер беріп ақыр аяғында өзін сырқат етеді. Сонда жаман ойлардан алыс болып, мейірімге толы өмір кешсек, шапағаты мол күндер күтуде. Сан түрлі апат, соғыс, отбасылардың шайқалуы, достық деген киелі сөздің арасын қызғаныштың пайда болуы, махаббатты бағаламай, сезімге де тұрақсыз болып кетуі барлығы бір ғана сөзден тұратын мейірімділіктің болмауынан. Мейірімділікті айналадағы жандарға сыйлай білсек, әлемді өзгертуімізге әбден мүмкін.



Назгүл РАБИЛОВА

ЖҰБЫ ЖАРАСҚАН ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰПТАР

Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова отбасын есімізге алғанда қазақтың риясыз махаббат символына айналған Төлеген мен Қыз Жібектің бейнесі оралатыны рас. Олар қазақ киноөнерінің классикасы «Қыз Жібек» фильмінде қос ғашықтарды сәтті сомдап, бір-біріне өмірлік серік болуды мұрат еткен жандар.

Отанасы: «Қыз Жібек» көпшілік көрерменге көрсетілген соң, 1970 жылдың 6-шы қарашасында шаңырақ көтеріп, АХАЖ бөлімінде некемізді қидырдық. Кинода бірге түскен Әнуар Молдабеков тойымыздың басы-қасында жүрсе, Асанәлі Әшімов асаба ретінде қуанышымызға ортақтасты. Тағы бір жайт, фильмдегі киімдерімізді үйлену тойымызда да киіп, екеуіміз алғаш түскен картинаны мәңгілікке ұмытпайтындай болдық.

Отағасы: ...Сүйген адам өзінің сүйіспеншілігін жүрегінің жартысына күн сайын дәлелдеп, бұл жағын да мүмкіндігінше ұмыт қалдырмағаны жөн демекпін. Ол сый-сияпат, гүл, өлең жолдары немесе жай ғана жылы сөз болса да, бастысы, шын жүректен арналсын... Сонда ғана ерлі-зайыптылар әрдайым бірге, тату-тәтті ғұмыр кешеді, тиісінше олардың отбасысы да берік болады...

Қайырбек Асанов және Күләш Ахметова – жаны нәзік ақындар отбасы.

дарға айналдық. Екінші курстың қаңтарында шаңырақ көтеріп, содан бері жұбымыз жазылмай бірге келе жатырмыз.

Қайырбек аға: Оң-солымды тани бастағаннан-ақ әке-шешем: «Айналайын, келін алатын болсаң, ибалы, инабатты, нәзік, біздің жағдайымызды жасап, болмысымызды түсінетін жаннан ал!» деп құлағыма үнемі құйып отыратын. Жасыратыны жоқ, ауылда да, университетке келгенде де талай қызбен сөйлесіп, әңгіме-дүкен құрдық. Бірақ солардың арасындағы жүрегімді дір еткізген, тоқсан қыздың ішінен таңдап тапқан ең нәзік, ең сұлу, ең әдемі аруым – Күлекең болды ғой. Жүрек алдаматты, жарты ғасырға жуық бірге өмір кешіп келеміз. Бала-шаға, немерелеріміз бар.

Дала мен қала газеті

Төлеген Мұхамеджанов пен Нұржамал Үсенбаеваның отбасы. Оларды табыстырған өнер.

Отанасы: Отбасындағы бақыт ең алдымен әйел адамға байланысты. Ол – ана, үйдің берекесі және осы шаңырақтың ұйытқысы. Әр әйел өзінше

бақытты және әр қайсысы бойындағы дарыны мен қасиеттеріне қарай өмірдегі өз жолын таңдайды. Егер ол осы жолдағы мақсатына жетсе – нағыз бақытты әйел деп сол жанды айтар едім. Ал, отбасы мен өнерді қатар алып жүре алса нұр үстіне нұр. Ешқандай саясатқа, өнерге араласпай-ақ, үйіндегі бала-шағасының ортасында бақытты болып отырған аналарды, келіншектерді білемін. Олар бала тауып, отбасының ұйытқысы болып отыр. Сонымен қатар, үлкен сахнаны өміріне серік еткен бақытты әйелдер де бар. Сол үшін, бұл екі бақытты бөлмей қараған дұрыс шығар.

Нұр Астана газеті



Күләш апа: 1968 жылы Алматыға ҚазМУ-ге оқуға түсуге келдім. Журналистика факультетіне барып, екі сабақтан өтіп, үшінші сабақ – тарихтан емтихан тапсырғалы тұрғанда Қайырбек ағанды көрдім. Шашы бұйра, аққұба өңді, өте сымбатты жігіт екен. Жарқылдап күліп тұр. Бір көргеннен әңгімеміз жараса кетті. Өзінің тарихтан тапсырайын деп тұрғанын, қандай дайындығы бар екенін, оның алдында қандай бағалар алғанын – бәрін есеп бергендей тізбелеп айтып жатыр. Мен де соны тыңдағым келіп тұр. Одан кейінгі сабақ неміс тілі еді, сынақтың жайын ақылдасып жүріп, жақын адам-



Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбилдинаның отбасы. Қазақ эстрадасындағы ең жарасымды да көпке үлгі жұп. Төрт баланың ардақты ата-аналары.

Қыдырәлі: Қазақ «әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп бекер айтпаса керек. Үйде жүрсем де, түзде жүрсем де ұлдарым мен бауырларым бар білгенімді айтуға асықпын. Алдымнан «өкелеп» жүгіріп шыққан әр баламды қазақша айналып, еркелетіп, ата-баба салты туралы айтып отырамын.

Нұр.кз

Мест



ТОҒЫЗ ТОРПАҚ

Шаруашылық иесі өз ісін үнемі өзгеше етіп істегенді жақсы көреді. Ол бүгін де сондай бір ойын ойлап тапты. Қол астындағы бақташыларына тоғыз тайыншасын қораға қамауды тапсырды. Ол алдымен төрт қора жасатты. Сосын төрт қораға осы тоғыз торпақты тақ саннан келтіріп қамауды бұйырды. Ендеше сиыршылар оны қалай жүзеге асырғаны жөн?

ШЕГІРТКЕ МЕН БАҚА

Жарыстың барлық барысы көмбеден басталып үлкен шыршаға дейін жал-



ғасады. Көмбе мен шыршаның арасы он төрт метр, ал, айланба жолдың қашықтығы жиырма сегіз метр. Шегіртке бір секіргенде үш метрге секіреді, ал бақа бір секіргенде екі метрге секіреді. Шегіртке үш рет секіргенде бақа бес рет секіреді. Алдымен көмбеге қайта айналып келгені жеңімпаз болады. Ал, сізше кім жеңеді?



САНДЫҚ ІЗДЕУ

Жиыны бес сандық бар. С сандықты А сандықтың ішіне, D сандықты В әрі Е сандықтың ішіне салуға бола-



ды. А сандық онша үлкен емес. Суретте көрсетілгенде бірінші сандық ең үлкен, әрі, с а н д ы қ т ы ң саны көбейген сайын саны артып отырады. Бесінші сандық ең кішісі. А сандық пен Е сандықтың сәйкес санының қосындысы D мен С сандықтың сәйкес келетін сандарының қосындысы өзара тең. Сонда А, В, С, D, Е мен 1, 2, 3, 4, 5-тер қалай сәйкес келеді?

ІСТЕЙ АЛАСЫҢ БА?

Жеті бұрышты жұлдызды дөңгелектің ішіне бірден жетіге дейінгі санды толтырып, тұтастырғанда әр сызықтың қосындысын отыз шығатындай етіп толтыра аласың ба?

Жауабы келесі санда



Көкек қандай ай?

Бұл айда көкек алғаш шақырады. Сол себепті бұл айды «көкек» деп атаған. Кей жерлерде бұл айды «сәуір» деп атап, «Сәуір тумай, тәуір болмас», – дейді.

Сәуірдегі ауа райы: қар еріп, су тасып, күн жылынады. Ағаштар бүр жарады, жерде көк шығады, мал төлдеп, жұрт уызға тояды. Осы кезді халық «қараөзек шақ» деп атайды. Жылы жақтан құстар ұшып келіп, ұя салады, жұмыртқалайды.

Сәуірде (көкекте) туғандар: Халық батыры Амангелді Иманов (8.04.1873) жазушы Сәбит Мұқанов (22.04.1900), өнер қайраткері Қалыбек Қуанышбаев (25.04.1893), Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов (23.04.1918).



МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: М. Амантай,
Ә. Абетжанова, М. Сағидолла.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан,
А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 934